

Астана қаласы әкімдігінің
«Ильяс Есенберлин атындағы
№ 67 гимназия» шаруашылық
жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны

Государственное
коммунальное предприятие на
праве хозяйственного ведения
"Гимназия №67 имени Ильаса
Есенберлина" акимата
г.Астана

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02 қыркүйек 2024 жыл № 169

Астана қаласы

город Астана

2024-2025 оқу жылында
гимназияда тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы

«Астана қаласы білім басқармасы» ММ-нің 02.09.2024ж. №ПР-8014 бұйрығын
орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

ГИМНАЗИЯДА:

1. Жекеледірген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктелсін. Жауапты: әлеуметтік педагогтар А.Алжаппарова, Г.Нұртай, бастауыш сынып оқу орынбасарлары Л.Демеуова;
2. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебі Астана қаласы Білім басқармасының Экономика және мемлекеттік сатып алулар бөліміне тапсырылсын. Жауапты: әлеуметтік педагогтар А.Алжаппарова, Г.Нұртай;
3. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін. Жауапты: тәрбие орынбасары Г.Оналбаева;
4. Бракераждық комиссия құрамы білім беру ұйымдары Басшыларының төрағалығымен бекітілсін. Жауапты: тәрбие орынбасары Г.Оналбаева;
5. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын. Жауапты: әлеуметтік педагогтар А.Алжаппарова, Г.Нұртай, медбике А.Утегенова, асхана меңгерушісі А.Сейлканова;
6. Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын. Жауапты: медбике А.Утегенова, асхана меңгерушісі А.Сейлканова;
7. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын. Жауапты: бастауыш сынып оқу орынбасарлары Л.Демеуоваға, әлеуметтік педагогтар Г.Қ. Нұртай, А.Е.Алжаппарова;
8. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.